



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

08 қазан 2024 жыл

### KASE еуропалық ESMA реттеушісінің талаптарына сәйкес келеді

Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – Биржа, KASE) Бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі Еуропалық басқарма (European Securities and Markets Authority, ESMA) сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы туралы талаптарды қанағаттандыратын сауда алаңдарының тізіміне енгізілген.

Бұл мәртебені KASE MiFID II/MiFIR (Markets in Financial Instruments Directive /Markets in Financial Instruments Regulation) талаптарына сәйкес сауда-саттықтан кейінгі ашықтықты сақтау жөніндегі еуропалық стандарттарға сәйкес келетін үшінші елдердің (яғни, еуропалық емес Биржа) сауда-саттық алаңы деп таниды.

Қаржы нарықтарын реттеу ережелері бойынша ESMA-да оң баға алу KASE-де мәмілелер жасайтын еуропалық инвестициялық компаниялар MiFIR-ге сәйкес осындай мәмілелер бойынша міндетті есептіліктен босатылатынын білдіреді.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюталық своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" - Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау басқармасы (European Securities and Markets Authority, ESMA) Еуропалық Одақтың қаржы нарықтарын қадағалау жөніндегі реттеуші болып табылады. ESMA MiFID II / MiFIR шеңберінде үшінші елдердің қаржы нарықтарындағы мәмілелердің ашықтығы туралы пікір береді. ESMA миссиясы инвесторларды қорғауды күшейту, қаржы нарықтарын ретке келтіруге ықпал ету және қаржылық тұрақтылықты қорғау болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).